

Бір көзден алу тәсілімен 2021 жылға дәрілік заттарды қайта сатып алудың қорытындылары туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 13/3

28 сәуір 2021 жыл

Бір көзден алу тәсілімен 2021 жылға дәрілік заттарды қайта сатып алу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Сатып алу), құрамы:

Искалиев Е.С – «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;

Исмуханова Ш.Н. – «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының кеңесшісі, комиссия төрағасының орынбасары;

конкурстық комиссия мүшелері:

Омарова Г.А. – «СҚ-Фармация» ЖШС Басқармасының мүшесі – басқарушы директор;

Салиев А.С. – «СҚ-Фармация» ЖШС Басқармасының мүшесі – басқарушы директор;

Қансұлтан Н.Ғ. – «СҚ-Фармация» ЖШС Басқармасының мүшесі – басқарушы директор;

Коскельдинова А.К. – «СҚ-Фармация» ЖШС құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;

Жакипова Э.Ж. – «СҚ-Фармация» ЖШС өнім берушілерді және отандық тауар өндірушілерді сүйемелдеу басқармасының бастығы;

Ербатыр Е.Е. – «СҚ-Фармация» ЖШС сатып алу басқармасының бастығы;

Айдарбеков С.О. – «СҚ-Фармация» ЖШС қауіпсіздік қызметтің 1 санаттағы бас менеджері.

конкурстық комиссия хатшысы:

Сатенова А.Е. – сатып алу басқармасының бас менеджері,

әлеуетті өнім берушілердің дәрілік заттардың қосымша көлемін беруден бас тарту негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 323-тармағын және 341-тармағының 3) тармақшасын, «Бір көзден алу тәсілімен 2021 жылға дәрілік заттарды қайта сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 12-2/160 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2021 жылғы 27 сәуір сағат 10.00-ге дейін asatenova@sk-pharmacy.kz электрондық мекенжайға келіп түскен бір көзден алу тәсілімен дәрілік заттарды қайта сатып алу құжаттарын қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2021 жылғы 21 сәуірде «СҚ-Фармация» ЖШС-нің www.skpharmacy.kz интернет-ресурсында осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен қайта сатып алуға шақыру орналастырылды.

2. Құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушінің атауы оларды Бірыңғай дистрибьюторға ұсыну уақыты мен күнін көрсете отырып – «Санжар» фирмасы» ЖШС, Алматы қ., Айманов к-сі, 206, 34 пәтер ұсыну күні мен уақыты: 2021 жылғы 27 сәуір Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 09.40-та;

3. Өтінімді әлеуетті өнім беруші осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес № 5 позиция бойынша 1 дәрілік затқа бір көзден алу тәсілімен қайта сатып алуға қатысуға ұсынды.

4. Дәрілік заттардың 8 атауы бойынша, № № 1-4 және 6-9 позициялар бойынша бір көзден алу тәсілімен қайта сатып алуға өтінімдер ұсынылған жоқ.

5. Құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушінің атауы-жоқ;

6. Құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің атаулары – «Санжар» фирмасы» ЖШС;

1. Әлеуетті өнім берушінің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Комиссия **ШЕШТІ:**

1) әлеуетті өнім беруші «Санжар» фирмасы» ЖШС-нің өтінімі:

Қағидалардың 247-тармағы 32) тармақшасының негізінде Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда өнім беру шартын бұзуға келісім туралы хаттың ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 31) тармақшасының негізінде Қағидалардың 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігі туралы хаттың ұсынылмауына;

Қағидалардың 20 тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес өнім берушінің жеткізу күніне дәрілік заттардың жарамдылық мерзімінің сәйкестігі туралы кепілдік хаттың сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбасын.

2) № № 1-4 және 6-9 позициялар бойынша дәрілік заттардың 8 атауын сатып алу Қағидалардың 351-тармағы 3) тармақшасының негізінде бір көзден алу тәсілімен қайта сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуға бас тартуына байланысты өтпеді деп танылсын;

3) № 5 позиция бойынша дәрілік заттың 1 атауын сатып алу Қағидалардың 351-тармағы 1) тармақшасының негізінде әлеуетті өнім берушінің өтінімінің қабылданбауына байланысты өтпеді деп танылсын.

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Комиссия төрағасы:

Е. Искалиев

Комиссия төрағасының орынбасары

Ш. Исмуханова

Комиссия мүшелері:

Г. Омарова

А. Салиев

Н. Қансұлтан

Е. Ербатыр

А. Коскельдинова

Э. Жакипова

С. Айдарбеков

Комиссия хатшысы:

А. Сатенова